

Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау және  
әлеуметтік даму министрлігі  
Медициналық және  
фармацевтикалық қызметті  
бақылау комитеті Төрағасының  
20\_жылғы “\_\_\_\_\_” \_\_\_\_\_  
№ \_\_\_\_\_ бұйрығымен  
БЕКІТІЛГЕН

**Дәрілік затты медициналық қолдану  
жөніндегі нұсқаулық  
Мираксидин – DF<sup>®</sup>**

**Саудалық атауы**  
Мираксидин – DF<sup>®</sup>

**Халықаралық патенттелмеген атауы**  
Хлоргексидин

**Дәрілік түрі**  
Сыртқа қолдануға арналған 0,05 % 50 мл, 100 мл спрей

**Құрамы**  
1 мл препараттың құрамында  
*белсенді зат* - 20% хлоргексидин диглюконаты ерітіндісі - 0,0025 мл,  
*қосымша зат* – тазартылған су

**Сипаттамасы**  
Түссіз мөлдір немесе сәл жылтырайтын, иіссіз сұйықтық

**Фармакотерапиялық тобы**  
Антисептиктер және дезинфекциялайтын препараттар. Бигуанидтер және  
амидиндер. Хлоргексидин  
АТХ коды D08AC02

**Фармакологиялық қасиеттері**  
**Фармакокинетикасы**

Асқазан-ішек жолынан іс жүзінде сіңбейді. 300 мг препаратты байқамай  
жұтып қойғаннан кейін  $C_{max}$  (ең жоғары концентрацияға) 30 минуттан соң  
жетеді және 0,206 мкг/л құрайды. Негізінен нәжіс массаларымен (90%)  
шығарылады, 1%-дан азы несеппен бірге бөлініп шығады.

### **Фармакодинамикасы**

Мираксидин-DF<sup>®</sup> – бұл антисептикалық және дезинфекциялайтын дәрі. Химиялық құрылымы бойынша бигумальге ұқсас және құрамында дихлоры бар бигуанид туындысы болып табылады. Әсер ету механизмі оның микроорганизмнің жасушалық жарғақшасының қасиеттерін өзгерту қабілетіне негізделген. Хлоргексидин тұздарымен диссоциацияланғаннан кейін түзілген катиондар теріс зарядтары бар бактериялар қабықтарымен реакцияға түседі. Мұндайда препараттың липофильді топтары бактериялардың липопротеинді жарғақшасының дезагрегациясына мүмкіндік береді, соның салдарынан осмостық тепе-теңдік бұзылады және бактерия жасушаларынан калий мен фосфор жоғалады. Препараттың әсер етуімен бактериялардың цитоплазмалық жарғақшасы ыдырайды және оның осмостық тепе-теңдігі бұзылады, соның салдарынан бактериялар қырыла бастайды.

Бактерицидтік әсерін +22°C температурада және 1 минут әсер еткенде көрсетеді. Фунгицидтік және вирулицидтік әсерін +22°C температурада және 10 минут бойы әсер еткенде көрсетеді.

Препарат, антибиотиктерге полирезистентті ауруханалық штаммдарды қоса, моноөсірінді және микробтық ассоциациясы түріндегі грамон және грамтеріс бактериялардың, аэробтық және анаэробтық бактериялардың вегетативтік түрлеріне қатысты белсенді. Венерологиялық аурулардың қоздырғыштарына: трепанемаларға, гонококктерге, трихомонадаларға, хламидияларға, герпеске қатысты тиімді. Бактерия спораларына тек жоғары температурада ғана әсер етеді. Бактериялардың қышқылға төзімді түрлеріне әсер етпейді.

Зеңге қарсы әсерін аскомицеттерде, ашытқы зеңдерде, дерматофиттерде көрсетеді.

Қанда, ірінде, әртүрлі секреттерде және органикалық заттарда белсенділігін (біршама төмен болса да) сақтайды.

### **Қолданылуы**

- оториноларингология және стоматологияда жара беткейлерін операциядан кейін өңдеу
- стоматологияда (гингивит, стоматит, күлдіреуіктер, парадонтит, альвеолит), хирургияда, урологияда, акушерлікте және гинекологияда іріндерді, күйік беттерін өңдеуге, терінің және шырышты қабықтардың бактериялық және зеңдік ауруларында
- инфекция жұқтырған терінің сыдыруларын және сызаттарын өңдеу үшін
- қоғамдық орындарға (бассейндер, сауналар) барғаннан кейін бактериялық, зеңдік аурулардың жекелей профилактикасы үшін

### **Қолдану тәсілі және дозалары**

Мираксидин-DF<sup>®</sup> 0,05% спрейін терінің немесе шырышты қабықтардың зақымданған бетіне тәулігіне 2-3 рет суландыру, аппликация түрінде (1-3 минут экспозициямен) сыртқы және жергілікті профилактикалық және емдік дәрі ретінде қолданады.

*Ересектерге:*

- ЛОР және стоматология бөлімдерінде науқастарға операциядан кейін күтім жасағанда Мираксидин-DF<sup>®</sup> препаратын тәулігіне 2-3 рет суландыру түрінде тағайындайды

- стоматитті, гингивитті, күлдіреуікті, парадонтитті, альвеолитті емдеген кезде ауыз қуысының қабынған шырышты қабығына суландыру жүргізу немесе препаратқа малынған тампонмен аппликация жүргізу қажет

- тері жабындарын, жараларды және ойық жараларды өңдеген кезде Мираксидин-DF<sup>®</sup> спрейін зақымданған аймаққа олардың дымқылдануы үшін жеткілікті мөлшерде шашады немесе оларды тампонмен дымқылдайды және жараға немесе ойық жараға басады

- қоғамдық орындарға (бассейндер, сауналар) барғаннан кейін бактериялық, зеңдік аурулардың жекелей профилактикасы үшін Мираксидин-DF<sup>®</sup> спрейін қолдың және аяқтың таза және құрғақ бетіне олардың дымқылдану үшін жеткілікті мөлшерде шашады немесе оларды тампонмен дымқылдайды және сүртеді

*3-тен 18 жасқа дейінгі балалар мен жасөспірімдерге:*

- стоматитті, гингивитті, күлдіреуікті, парадонтитті, альвеолитті емдеген кезде ауыз қуысының қабынған шырышты қабығына препаратқа малынған тампонмен тек аппликация жасау қажет

- тері жабындарын, жараларды және ойық жараларды өңдегенде Мираксидин-DF<sup>®</sup> спрейін зақымданған аймаққа олардың дымқылдануы үшін жеткілікті мөлшерде шашады немесе оларды тампонмен дымқылдайды және жараға немесе ойық жараға басады

- қоғамдық орындарға (бассейндер, сауналар) барғаннан кейін бактериялық, зеңдік аурулардың жекелей профилактикасы үшін Мираксидин-DF<sup>®</sup> спрейін қолдың және аяқтың таза және құрғақ бетіне олардың дымқылдану үшін жеткілікті мөлшерде шашады немесе оларды тампонмен дымқылдайды және сүртеді

Емдеу ұзақтығы ауру сипатымен, оның айқындылығымен жүзеге асырылады және оны дәрігер белгілейді.

Ауыз қуысының ауруларын емдеген кезде препаратты тамақ ішіп болғаннан кейін қолдану қажет.

Мираксидин-DF<sup>®</sup> препаратын конъюктиваны өңдеу үшін және дене қуыстарын жуып-шаю, тереңдегі жараларды және күйіктерді өңдеу үшін пайдаланбаған жөн.

*Препараттың тыныс алу жолдарына түсіп кетуіне жол бермей, абайлап қолдану қажет!*

## **Жағымсыз әсерлері**

*жиі*

- 3-5 мин бойы қол терісінің жабысқақ болуы

*сирек*

- терінің құрғауы және қышуы

- дерматит

- тістердің боялуы

- тіс тастарының жиналып қалуы

- дәмнің бұзылуы (гингивиттерді емдеген кезде)

*өте сирек*

- аллергиялық реакциялар (тері бөртпесі)

- фотосенсибилизация

## **Қолдануға болмайтын жағдайлар**

- аллергиялық реакцияларға бейімділік

- дерматиттер

- хлоргексидиннің жекелей жақпаушылығы

- 3 жасқа дейінгі балалар

## **Дәрілермен өзара әрекеттесуі**

Мираксидин-DF<sup>®</sup> препараты сабынмен, сондай-ақ құрамында анион тобы бар детергенттермен (сапониндер, натрий лаурилсульфаты, натрий карбоксиметилцеллюлозасы) үйлеспейді. Құрамында катион тобы бар препараттармен (бензалконий хлориді, цетримоний бромиді) үйлеседі.

Карбонаттармен, хлоридтермен, цитраттармен, фосфаттармен, сульфаттармен, 24 сағат өткеннен кейін қиын еритін шөгінділер түзетін болғандықтан, үйлеспейді.

Бактериялардың хлорамфениколға, канамицинге, неомицинге, цефалоспориндерге сезімталдығын арттырады.

Этанол препараттың антисептикалық белсенділігін күшейтеді.

Йод препараттарымен бір мезгілде қолданған кезде дерматиттер дамуы мүмкін.

## **Айрықша нұсқаулар**

Препараттың миға, ми қабықтарына және барабан қуысына түсу қаупіне байланысты, препаратты ашық бассүйек-ми жарақаты, жұлынның зақымдары бар, барабан жарғақшасы тесілген пациенттерге қолданбау керек.

Мираксидин-DF<sup>®</sup> препаратын басқа дәрілік препараттармен араластырмаған жөн.

Препаратты сыртқа қолданған кезде оны сабын қалдығын мұқият жуып тастағаннан кейін, таза құрғақ теріге жағу ұсынылады.

Мираксидин-DF<sup>®</sup> препаратын конъюктиваны өңдеу үшін және дене қуыстарын жуып-шаю, тереңдегі жараларды және күйіктерді өңдеу үшін пайдаланбаған жөн.

Препарат тиіп кеткен киімнің, онда қоңыр дақтардың түзілуі мүмкін болғандықтан, гипохлориттердің және белсенді хлор бөліп шығаратын басқа қосылыстардың әсеріне ұшырауына жол бермеу керек.

Көздің шырышты қабығына тиіп кеткен жағдайда көзді сумен тез және мұқият шайған жөн.

#### *Балалар*

3-тен 18 жасқа дейінгі балалар мен жасөспірімдерге Мираксидин-DF<sup>®</sup> спрейін тек тері жабындарын, жараларды және ойық жараларды өңдеген кезде ғана суландыру түрінде қолдану керек. Ауыз қуысының ауруларын тампондардың жәрдемімен қолдану керек.

#### *Жүктілік және лактация кезеңі*

Бала емізетін әйелдерге және жүкті әйелдерге, аллергиялық реакциялардың қаупі бар болғандықтан, сақтықпен қолдану керек!

#### *Көлік құралын немесе қауіптілігі зор механизмдерді басқару қабілетіне дәрілік заттың ықпал ету ерекшеліктері*

Препарат көлік құралын немесе қауіптілігі зор механизмдерді басқару қабілетіне ықпалын тигізбейді.

#### **Артық дозалануы**

*Симптомдары:* артық дозалануы жөнінде деректер жоқ.

*Емі:* Мираксидин-DF<sup>®</sup> препараты кездейсоқ ішке түскен жағдайда сүтті, шикі жұмыртқаны, желатинді немесе судың мол мөлшерін пайдалана отырып, асқазанды шаю және адсорбенттер (белсендірілген көмір) қабылдау қажет. Қажет болған кезде симптоматикалық ем жүргізу керек.

#### **Шығарылу түрі және қаптамасы**

Шашырататын қондырғысы және қорғаныш қалпақшасы бар пластик құтыларға препарат 50 мл-ден немесе 100 мл-ден құйылған. Бір құты медициналық қолдану жөніндегі мемлекеттік және орыс тілдеріндегі нұсқаулықпен бірге картон қорапшаға салынған.

#### **Сақтау шарттары**

Жарықтан қорғалған жерде, 25°С-ден аспайтын температурада сақтау керек.

Балалардың қолы жетпейтін жерде сақтау керек!

#### **Сақтау мерзімі**

3 жыл

Жарамдылық мерзімі өткеннен кейін қолдануға болмайды.

**Дәріханалардан босатылу шарттары**  
Рецептісіз

**Өндіруші**

«DOSFARM» ЖШС, Қазақстан, 050034, Алматы қ., Чаплыгин к-сі, 3, тел.:  
(727) 253-03-88

**Тіркеу куәлігінің иесі**

«DOSFARM» ЖШС, Қазақстан, 050034, Алматы қ., Чаплыгин к-сі, 3

*Қазақстан Республикасы аумағында тұтынушылардан өнім (тауар)  
сапасы жөніндегі шағымдарды қабылдайтын және тіркеуден кейін  
дәрілік заттың қауіпсіздігін бақылауға жауапты ұйымның мекенжайы*  
«DOSFARM» ЖШС, Қазақстан, 050034, Алматы қ., Чаплыгин к-сі, 3  
тел./факс: (727) 253-07-07, 253-03-88, эл. адрес: dosfarm@dosfarm.kz